

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 733 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қазанда № 8824 тіркелді.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса берілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және оны мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2013 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 733 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Әуе кемелерін есептен шығару қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 6868 болып тіркелді, "Егемен газеті" 2011 жылғы 10 қыркүйектегі № 425-430 (26823) жарияланған) мынадай өзгеріс:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуе кемелерін есептен шығару қағидасында:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың негізінде әуе кемесін есептен шығаруға құжаттарды қабылдаған сәттен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде шешім қабылдайды, әуе кемесін Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарады. Әуе кемесін пайдаланушыға (меншік иесіне) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылғаны туралы куәлікті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 613 "Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерін, оларға арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға арналған құқықтарды куәландыратын құжаттар нысандарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8020 тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысанда береді.";

2. "Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген, "Заң газеті" 2011 жылғы 26 шілдедегі № 105 (1921), 27 шілдедегі № 106 (1922), 28 шілдедегі № 107 (1923), 29 шілдедегі № 108 (1924) жарияланған) мынадай өзгеріс:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықта:

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. ӘҚҚ органдары нақты және болжамды метеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ қолда бар функцияларды олардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1768 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес орындауы үшін қажетті вулканикалық қызмет туралы соңғы ақпаратпен қамтамасыз етеді.";

3. "Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация

министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 бұйрығына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 7058 болып тіркелген, "Казахстанская правда" 2011 жылғы 10 тамыздағы № 251 (26672) жарияланған) мынадай өзгеріс:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиациялық персонал куәлігі берілетін адамдарға қойылатын біліктілік талаптарында:

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Авиациялық метеорология төмендегіні қамтиды:

авиациялық метеорологияның негізгі теориялық мәселелері;

авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді регламенттейтін құжаттардың негізгі ережелері;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1768 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес әзірленген әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету нұсқаулығы;

метеорологиялық байқаулар мен жиынтықтар;

әуе кемелерінің бортынан байқау және хабарлау;

ауа райы болжамдары;

қауіпті метеорологиялық жағдайлар мен ауа-райы құбылыстары туралы ескертулер;

ауа райының авиациялық карталары;

әуедегі ӘК экипаждарын метеоақпаратпен қамтамасыз ету.";

4. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.07.2017 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.